

Бизнестің әлеуметтік
жауапкершілігі. Бизнес қоғам
және мемлекетті өзара
байланыстырушы ретінде.

Тексерген: Калдина С.С
Орындаған: Қыздарбек Д.Е
Тоб: 441

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі

- 0 Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі жайында мәселе соңғы уақыттарда жиі көтеріле бастады. Осыдан біраз жыл бұрын бұл жайында айту ертерек болатын, көптеген ұйымдар ол уақытта өндірістерін жаңадан дамытып жатқан, және мемлекет бизнесмендерге аяқтарына тұрып, Қазақстан экономикасынан өз орындарын алуына уақыт берген.

Мемлекет және бизнес арасындағы әлеуметтік серіктестік

- 0 Мемлекет және бизнес арасындағы әлеуметтік серіктестік жайындағы алғашқы бірлескен әрекет шамамен 10 жыл бұрын жасалынған. Дәл 1998 жылы Қазақстанда Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы құрылды.



Зейнетақы жарналары



- Зейнетақы жарналарының толыққанды және уақында берілуі— бизнестің қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі. Бүгінде Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығында мәліметтерді электронды өңдеуді қолданатын әлеуметтік төлемдерді тіркеуді ұйымдастыратын және іске асыратын жаңа технология енгізілген, жердемақы мен зейнетақы алушыларының орталықтанған базасы құрылған.

Қазіргі уақытта бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің бірнеше үлгілері жасалған.

Ағылшын-америкалық модель

Европалық модель

Аралас модель

Ағылшын-американдық модель:

Бұл модель XIX ғасырдың басынан бастау алған болатын. Бұл жағдайда жауапкершілік—жұмыс табумен және оларға жалақы төлеу арқылы еңбек жағдайын жасау болды. АҚШ-та мысалғы бизнесті әлеуметтік қолдауына қатысу миханизмін қалыптастырған, яғни корпорациялық қор арқылы әр түрлі әлеуметтік проблемеларды бизнес есебінен шешеді. Сондай-ақ қызметтегі әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық жасайтын корпорацияларға заңдық негізде көрсетілген белгілі бір салықтық жеңілдіктер мен льготалар қолдануға заң жүзінде мүмкіншіліктер туады.

Европалық модель

Жалпы Европалық модельде бизнес—мемлекетті дұрыс шешімдер қабылдап, оны жүзеге асырып орындалуына себепші болатын институт деп санаса, АҚШ жалпы бизнеске мемлекеттің араласуы бизнестің еркінділігі мен бостандығына тосқауыл болып, оның өркендеуіне кедергі болады деп есептейді.

Аралас модель

Бұл модель соңғы жылдары ірі бизнестің дамуына байланысты Европада кеңінен таралған жаңа үлгі десек болады. Басқалай айтқанда бұл модельді корпорациялық әлеуметтік жауапкершілік деген атпен танымал бола бастады.

Зерттеушілер бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің кем дегенде төрт моделін бөліп қарастырады.

1. Манипулятивті модель – қоғамдық пікірді манипуляциялау, фирманың коммерциялық мақсаттарына жету үшін оның бірбағыттылығын өңделуі. Нарықтық экономика қалыптасуының бастапқы сатыларында дәл осындай айтылу сөзсіз орынды.

2. Ақпараттандыру моделі. Бұл модельге жарнамалық-насихат әсерінен фирманың әлеуметтік ортасы оның әрекеттерін дұрыс түсініп, адекватты үн қатуына, оған қалыпты қарап, қолдау танытуы үшін фирманың мүмкіндіктері мен тілегін түсіндіру мақсатында қоғамды ақпараттандыру.

3. Өзара түсіністік моделі. Бұл жағдайда мәселе тек өз мүдденді дұрыс ұғындыру ғана емес, сонымен қатар өзгенің де мүдделеріне түсіністікпен қарау.

4. Әлеуметтік серіктестік моделі. Анағұрлым кемелденген модель, қоғамдық пікір және әлеуметтік ортаны түгел түсіну, талдау және зерттеуге бағытталған, нарықпен ғана емес, сондай-ақ фирманың әлеуметтік ортасы: билік органдары, БАҚ, қоғамдық ұйымдар, ұйымдаспаған көпшілікпен, өз қызметкерлерімен өзара жауапты қарым-қатынастар орнату

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің американдық моделі дәстүрі жағынан ең бай болып саналады. Американдық доктрина, британдық және континентальды жүйелерге қарағанда соңғы 100 жыл ішінде америка қоғамының даму ағымымен ақырындап қана унисонға жылжи отырып, айтарлықтай трансформацияға ұшырамады.

Британдық және континентальды жүйелер сыртқы демеушілердің арқасында соңғы 20-25 жылда өз дамуында біраз импульс алды. Британдық іскерлік қауымдастық әлеуметтік жауапкершілік идеясына, континентальды бизнеске қарағанда әлдеқайда сезімтал.

Американың бай мұрасына қарамастан, соңғы 20-25 жыл көлеміндегі британдық және континенталдық модельдер еліміз үшін бүгінгі тенденцияларды ескере отырып айтатын болсақ, өте пайдалы.

АҚШ пен Европадағы корпоративті әлеуметтік жауапкершілік моделінің біраз бұрын ғана ашық және жасырын формалары анықталған еді.

Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің ашық формасы корпорацияның қоғам қызығушылық танытатын мәселелерін шешуді ғана өзіне алуындағы корпорация қызметін білдіреді.

Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің жасырын формасы қоғам мүддесі үшін корпорация жауапкершілігі корпорациялармен алдын ала келісілген немесе оларға ұйғарылған еліміздің ресми және ресми емес институттарын білдіреді.

Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің американдық үлгісі. Ұзақ уақыт бойы, корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің тек американдық құбылыс екендігі жайында пікірлер айтылып жүрді. Шындығында, бизнестің филантропия және ерікті көмек көрсету дәстүрі АҚШ-та сонау 19 ғасырда кең тараған.

Америка кәсіпкерлігі табиғатына тән, субъектілердің толық мүмкіндігіне сүйенетін қоғамның барлық саласы бүгінгі күнге дейін өзін-өзі реттеп келді. Мысалы, жұмысшы-жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынасы осы екі жақтың арасындағы келісімшарт пәні болып табылады.

-Денсаулықты сақтау құқығын американдық әдетте өз еркімен таңдайды, яғни медицина мекемесінің қызметіне жүгіну қажет пе, жоқ па екендігін (мұннан медициналық сақтандырудағы еркінділік шығады). Бұл аумақтарда мемлекеттік реттеу қоғам мүшесінің ажырамайтын базистік құқықтарына қатысты.

Еуропадағы континентальды корпоративті әлеуметтік жауапкершілік моделі.


- 0 Компанияның өзінің стейхолдерлерімен арасындағы қарым-қатынас мәселесі жөніндегі заңнама талаптарының шегінен шыға отырып, корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің компанияның өз ықыласымен іске асырылатын АҚШ-пен салыстырғанда, еуропалық корпорациялар қоғам алдындағы міндеттерін шектеу мәселесінде әлдеқайда көзге көрінерлік. Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің еуропалық моделі компания әрекетінің ашық бағыты бола алмайды.

Әлеуметтік жауапкершіліктің континентальды моделінің америкалық моделден ерекшелігі

Экономикалық жауапкершілік негізінен бизнестің табысы аспектісінде және компанияның акционерлер алдындағы жауапкершілігіне негізделеді (америкалық тәсіл). Еуропалықтар қарым-қатынастың аталмыш тобына ұйымның жұмысшылары және жергілікті қауымдастықтар алдындағы жауапкершілігін жатқызады;


Құқықтық жауапкершілік Еуропадағы әлеуметтік жауапкершіліктің кез-келген формасының негізі болып табылады. Еуропалық бизнес мемлекетті қабылданған ережелерді орындауды іске асырушы институт ретінде қарастырады, салыстырмалы түрде АҚШ-та осы сынды мемлекеттік реттеу жеке еркіндік мәселесіне араласу болып саналады;

Әлеуметтік мәселелердің көп бөлігін еуропалық комиссия этикалық жауапкершілік саласына жатқызады. Еуропада қоғамның бизнеске жоғары назар аударуы осынысымен түсіндіріледі. Мысалға, атомды энергетика, медициналық дәрі-дәрмектерді жануарларға сыннан өткізу, гендік инженерия еуропалықтардың назарынан түспейді;



Еуропада қайырымдылық АҚШ-пен салыстырғанда аса әйгілі емес. Бұл Еуропада Америкамен салыстырғандағы салық ауырпалығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде, еуропалық компаниялар филантропиялық акцияларға заңды бекітілген механизмдер арқылы ғана қатысады

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!



www.PammService.Ru